

3 дәріс. Германиядағы музей педагогикасының қалыптасуы.

Жоспар:

1. Германиядағы музей педагогикасының ерекшелітері
2. А.Лихтварк еңбектері
3. 1930 жж. музей педагогикасы

Бұл елдегі музейлік білім беру қызметі АҚШ-тағыдай қарқынды түрде дамыған жоқ. Оның дамуына тек неміс емес, бүкіл европалық музей педагогикасының алғашқы жол салушысы болған А.Лихтварк сияқты тұлғалардың құлшынысы үлкен әсерін тигізген еді. Ол өзінің тәжірибиелік қызметімен өнер саласындағы ағарту жұмысының таралуына мүмкіндік туғызды және музейді мектеп сияқты оқу орны деп сенді.

А.Лихтварк гамбургтық көркем Кунстхалл музейінің директоры қызметінде жүргенде «Өнер – өмірге» ұранын іске асыра жүріп, өзінің сан қырлы қызметінде музейді керітартпа ескішіл тәртіптен құтқарғысы келді. Оның бастаған жұмыстарының жетістіктерін атап кетсек:

– кәнігі суретшілердің жетекшілігімен ұйымдастырылған кескіндеме және графиканың әуесқой курстары;

– өнер, фотосурет, баспананы көркем безендіру және т.б. мәселелерді қарастыратын жылдық журналы бар «Өнердің гамбургтық достары қоғамын» құру;

– балалар шығармашылығының көрмесін ұйымдастыру;

– әуесқой фотосуреттер және фотосуреттердің бірегей топтамасының қалыптасуының дамуына ықпал жасайтын қоғамның негізін салу;

– оқу құралдары топтамасын құру (ойыншық баспа станогы және т.б.);

– қазіргі кескіндеме, оның ішінде гамбургтік суретшілердің шығармашылығының дамуына ықпал ету;

– гамбургтық суретшілер клубының ұйымдасуына ықпал ету;

– ескі музейге қосымша жаңа үлкен ғимарат құрылысын салу.

Әкімшілік қызметті істей жүріп және Гамбург көркем өмірінің барлық жақтарын жете ұғынған А.Лихтварк берлиндік сәндік өнер музейінде қолөнершілерге сабақ берді, қолөнер өндірісі үлгілерін көрсете отырып, көпшілік алдында дәрістер оқыды. Алайда, ол өзінің басты ісі балалармен жұмыс деп есептеді. Ол эмоционалдық бастау дамуының қажеттігін баланың өмірлік тәжірибесінің негізінде қарастыра отырып, негізгі назарын бейнелеу өнерін қабылдауға бөлді, мектепте оны оқытудың аналитикалық әдісіне қарсы шықты.

Музейдегі жұмыстың негізгі түрі экскурсия деп есептеген педагог, оны диалог принципінде құруды ұсынды, «суретті талқылау кішігірім драманы елестету керек және онда барлық күштер еркін ашылатын импровизация сұлулығы болу керек» - деген қорытынды жасады. А. Литвархтың музей ортасы жағдайында жұмыс әдістері туралы оның «Упражнения в рассматривании произведений искусства» (1909) атты кітабынан білуге болады, ол Гамбург әйелдер гимназиясының 12 жасар бітірушілерімен жүргізілген сабақтың стенограммасы еді. Музейдегі әр кездесу тек бір

суреттің жанында жүргізілді. Ол қазіргі заманғы неміс суретшісінің балалық шақпен байланысты туындысы еді (педагог балалар бұрынғы шеберлердің жұмысына қарағанда, осындай туындыларды жақсы қабылдайды деп есептеді). Картина алдында жүретін диалог барысында көрермендер өнермен қарым-қатынас жасауды үйрене отырып, оның композициясын, сюжетін, кейіпкер психологиясын сол заманның әдебиеті мен музыкасына байланысты «зерттеп», өте мұқият қарап шықты. Сонымен қатар, «жаттығулар» авторы материалды саралаудың бірнеше әдістерін қолданды, алайда еркін ойлауға кедергі тудыратын әдістерге қарсы болды». Бұндай ұстаным өнерді оқытудың бұрынғы қалыптасқан, яғни, өнер стилдері жайлы қатаң сақталып келген білім әдістемесінің бұзылуына әсер етті. Лихтварк өз әдісінің ерекшелігін былайша түсіндірді: «Біз бір көз тастау арқылы бүтін бір кезеңді, оның бір ғана туындыда қалай бейнеленгенін, ол қандай әсер бергенін көрсеткіміз келеді». Сонымен бірге ол көрермендерге өнер туралы беделді авторитарлық пікірді өз еркінен тыс ұстандырудан сақтандырды. Тұңғыш рет «Музей диалогы» ұғымын енгізе отырып, Лихтварк мақсаты суретшінің ойын түсіну арқылы өнер туындысын шығармашылық тұрғыдан қабылдау икемділігін арттыру болған музей педагогикасының негізін салды.

Әдетте, Лихтварктың сабақтарына, оның бастамасымен 1887 ж. «Мектептегі эстетикалық тәрбиеге жәрдем берудің Гамбургтік одағына» біріккен мектеп мұғалімдері қатысты. Лихтварк олардың балаларды өнерге баулудағы еңбегін жоғары бағалады. Ол мұғалімнің педагогикалық табысы оның өнерге деген ішкі қажеттілігіне тікелей тәуелді және мұғалімде өнер туындысын көркем организм ретінде қабылдау қабілеті болу керек деп есептеді.

Лихтваркпен қатар көркем білімнің дамуына Мюнхен университетінің профессоры Фолль да өз ықпалын тигізді. Көркем ескерткіштің құндылығына баса назар аудару идеясын ұстанған ол, өнерді оқытудың мақсаты «көздің жүйелі жаттығуы» болып табылады деді. Мектептегі өнер тарихын оқытудың пайдалы жақтарын көрсете отырып, Фолль басқа пәндерді оқытуда көмекші құрал ретінде болса, онда ол тек болмашы ғана мақсаттар үшін қызмет атқарады деп сендірді. Фактілер, атаулар, стилдерді жаттап алуға негізделген өнерді оқудағы ескі көзқарастарға қарсы ғалым өнер туындысына қарай отырып, көрермен өз бетінше саралау, анализ жасауға үйрену керек деп есептеді. К.Фолль өзінің еңбектері арқылы визуальды ойлау қалыптасуының ғылыми негізін салды.

XX ғ. басында неміс музейлеріндегі білім беру қызметінің жинақталған тәжірибесінің негізінде, Мюнхендегі жаратылыстану және техника үздік үлгілерінің музейін құрушылардың бірі Г.Кершенштайнер «Білім беру теориясы» (1926) атты кітап жазып шықты. Онда ол неміс музейлерінің қызметін ұйымдастырғанда педагогикалық ұстанымдар бойынша құру керек деді және ол оның жолдарын көрсетті. Оған ол қызметтілік ұйым қажеттілігін негіздеді, және педагогикалық принциппен мақсаттарды жүзеге асыру жолдарын белгіледі. Г.Кершенштайнердің педагогикалық қызмет концепцияларында мынадай ой жатты: «балаларды таным арқылы тәрбиелеуге

бағытталған музейді ұйымдастыру ол оқу жоспары, яғни конструкция болып табылады, тек осы жерде конструкция мектептегідей олардың «көлеңкелерімен» емес, заттың өзімен жұмыс істейді». Г.Кершенштайнер музейдің білім беру қызметінің негізі принциптерін төмендегідей көрсетті:

1. Музей-педагогикалық үрдісінің әдістемесі білім мазмұнының логикасы, білім объектінің психологиялық жағдайы және білім беру үрдісінің мақсатымен анықталуы керек.

2. Музей-педагогикалық үрдісі мектеп оқу жоспары ұстанымдары бойынша жүйеленуі керек, ол «заттарды суреттеумен емес, ол заттардың өзімен жұмыс істейді».

3. Музей көрермендерге технологиялық немесе шығармашылық үрдістерді «педагогикалық– көмекші құралдар» арқылы өз көздерімен көруге мүмкіндік беру керек (мәтіндік анықтамалар, кинофилімдер, макеттер және т.б.).

Осылайша, неміс музейі «оқу құралдарының көрмесі» ролінен бас тарта отырып, оқу үрдісінде өзінің дербес орнын тапқан еді.

1920-1930 жж. Германияда музей мен мектеп арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелері бірінші орында болды. Олардың шешімімен Паллат, Д.Рихтер, Фрайдентал сияқты талантты педагогтар жұмыс істеген Берлиндегі тәрбиелеу мен оқытудың орталық институты шұғылданды. Олар музейлерде педагогикалық бөлімдердің құрылуына және олардың құрылымына музей педагогі қызметін кіргізді. Сол уақытта Майнцеде Г.Кленканың «Музей және мектеп» (1927) атты әдістемелік құралы шығарылды, оқу жоспарына осы қаланың рим-герман музейінің бейнеленуін және оның коллекцияларын тарихты оқытуда қолдану әдістемесін кіргізді.

Аталмыш мәселені қарастырғанда Г.Фройдентальдің «Музей – Халықтық білім – Мектеп» (1931) атты кітабы басты роль атқарды. Мұнда автор музей мен мектеп жұмысы арасындағы айырмашылықты анықтап алғаннан кейін ғана бірігіп жұмыс істеуді жоспарлау керек деді. Музейдегі сабақтың жетістігін Г.Фройденталь келесі шарттармен байланыстырды:

- әр бір музейге барудың нақты оқу мақсаты болуы тиісті;
- мұғалім және балалар музейге келу жай көңіл көтеру емес, ол елеулі жұмыс, сондықтан оған келер алдында алдын-ала дайындалу қажет екенін түсіну керек;
- музейге келер алдында, яғни, балалардың шаршамаған және қабылдауға дайын кезіндегі мектеп сабағында оларға дайындық керек;
- «тек балалардың ғана емес, үлкендердің санасы үшін де ауыр болатын» шолу экскурсияларынан бас тарту керек;
- экскурсиялық көрсетулерге арналған экспонаттарды таңдағанда балалардың жас ерекшелігін негізге алу керек;
- баланың дербес шығармашылығы музейге барудың қорытындысы болу керек (сурет, көрген суреттеріне шығарма жасау).

А. Лихтварктың тәжірбиесін дамыта отырып, Г.Фройденталь алғаш рет музей білім беру қызметі тарихында музейде өтетін мектеп сабақтарын

ұйымдастырудың педагогикалық әдістемесін ұсынды, онда сабақтың дайындалу, өткізу және қорыту кезеңдері де қарастырылды;

Г.Фройденталь музей педагогын мектеп оқушыларын музейде оқыту үрдісін ұйымдастыруға қабілетті нағыз маман деп есептеді, ол музей педагогіне кіші жастағы балаларды өлкетану, жаратылыстану-ғылыми, көркем музейлермен таныстыруды, ал үлкен балаларға техникалық және арнайы музейлермен таныстыруды ұсынды.

Аталған кітапта Гамбургтың алты музейінің негізінде, олардың өз экспозицияларын мектеп бағдарламаларымен сәйкестендіргендері, яғни мұғалімдерге музейді мектеп сыныбының жалғасы ретінде қолдануға мүмкіндік туғызу жолы көрсетілді. «Музей педагогі» терминін де осы Г.Фройденталь ұсынған еді, онда ол музейде білім беру үрдісін ұйымдастыруға қабілетті педагогикалық білімі бар музей маманын айтқан еді.

Мектеп және музей арасындағы қарым-қатынас туралы 1939-1944 жж. Берлиндегі этнографиялық музейдің «Мектеп және музей» бөлімінің жетекшісі А.Рейхвейн зерттеген еді, ол «музей педагогикасы» терминін алғаш рет аталған салаға енгізген ғалым. Музейдегі педагогикалық қызметтің жетістіктерін А. Рейхвейн келесі шарттармен байланыстырды:

1. Музей экспозициясы мектептің білім беру міндеттерінің негізінде құрылу керек;
2. Сыныптың мұғаліммен бірге экспозицияны көруге қатысуы музеймен алдын ала келісілі керек;
3. Музей кеңістігінде мұғалім сыныппен жақсы шығармашылық байланыста болу керек;
4. Өзінің шығармашылық бірлестігінде мұғалімдер музейге ерекше көңіл бөлулері керек;
5. Музейдің ғылыми қызметкерлері мұғалімдердің дайындықтарымен шұғылдануы керек;
6. Музей білім беру мекемесі ретінде әр түрлі саладағы мұғалімдердің барлығы үшін ашық болуы керек.

Сонымен қатар, А. Рейхвейн музейді оқу құралдарын жинаудың формальды орнына айналдыруға қарсы бола отырып, жалпы музей коллекциясының базасында мектеп тақырыптарымен сәйкес дидактикалық экспозициялар құру қажеттігіне баса назар аударды.

Неміс музей педагогикасының дамуы, 1930 жж. мәдениет пен білімге фашистік идеология және екінші дүниежүзілік соғыстың әсерінен үзілген болатын. Дегенмен, Германияның музей-педагогикалық қызметінің дамуына қосқан үлесін төмендегідей көрсетуге болады:

1. экскурсия музей-педагогикалық үрдісінің негізгі формасы ретінде бекіді;
2. алғаш рет «музейлік диалогтар» ұғымы енгізілді (А.Лихтварк);
3. Европадағы алғашқы «Музеумскунде» (Музейное дело) атты журнал Германияда шығарылды, онда музейдің білім беруі қызметі туралы баяндалды.

4. музейдің білім беру қызметі ғылымның зерттеу объектісіне айналды (Г.Кершенштайнер және Г.Фройденталь);

5. алғаш рет ғылыми айналымға «музей педагогикасы» термині енгізілді (1934).